**Бекітемін:**
**Қысқа мерзімді жоспар**
**Сабақтың тақырыбы: Денсаулықты қалай күту қажет?**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Жанды табиғат | |
| Мұғалімнің аты-жөні: | **Төленова Г.Б.** | |
| Күні: | 02.12.2023 | |
| Сыныбы: 2 «Г» | Қатысушылар саны:25 | Қатыспағандар саны:0 |
| Сабақтың тақырыбы: | **Денсаулықты қалай күту қажет?** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | Дене тазалығын сақтаудың қажеттілігін түсіну;<br>Тістердің құрылысын, қызметін, оларды күту ережелерін білу; | |
| Сабақтың мақсаты: | Тазалық сақтауға қажетті заттарды, жеке бас гигиенасытуралы біледі;<br>Гигиена сақтаудың маңыздылығы туралы әңгімелейді.<br>Гигиенаның денсаулыққа маңыздылығын дәлелдей отыра ойларын жеткізеді. | |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3 мин | **(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Өз көңіл-күйіңді құрастыр.**<br> | | | Балалар смайликтер арқылы өз көңіл-күйлерін құрастырады |
| Сабақтың ортасы<br>(30 мин)<br>5 мин.<br><br>3 мин. | «Кірқоймас» мультфильмінен үзінді көрудіқсынады.<br>1.Неге барлық заттар баладан қашып кетті?<br>2.Мұндай баланы қалай атауға болады?<br>3.Бұл балаға ұқсамау үшін не істеу керек?(Жуыну, шомылу, тарану, киім жуу).<br><br>**1. Суретке қара. Балалар таза, ұқыпты болу үшін не істеп жатыр?**<br><br>Күтініп жүрудің неліктен маңызды екенін түсіндір. Әрбір бала денсаулығының мықты болғанын қалайды. Денсаулықты сақтауда жекебас гигиенасының маңызы зор. Гигиенаны сақтау өз денеңді күтіп, таза ұстау дегенді | Оқушылар «Кірқоймас» мультфильмін көріп, сол мультфильм бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқушылар суретке қарап, мәліметпен танысады, сұраққа жауап береді.<br>***Дескриптор:***<br>- Жекебас гигиенасы туралы түсінік қалыптастыра алады. | Мұғалім оқушыларды смайлик-жемістер арқылы бағалайды. | Смайликтер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білдіреді. | | | |
| 4 мин. | 2. Схеманы зерделе. Жекебас гигиенасын сақтау деген не?<br><br><br>Сен жекебас гигиенасын сақтайсың ба?<br>Жекебас гигиенасы – дене күтімін қадағалап, таза ұстау. | Оқушылар жекебас гигиенасымен танысады.<br>***Дескриптор:***<br>- Схемамен жұмыс жасап, жекебас гигиенасын түсіне алады. |  | Оқулық, схема |
| 3 мин. | Қосымша ақпарат:<br>**“Гигиена”** сөзі гректің “hygienos” сөзінен шыққан, аудармасы “денсаулық әкелуші”дегенді білдіреді. Жеке бас гигиенасын сақтау денсаулық үшін өте маңызды. Гигиена – ол дене тазалығы. Жеке бас гигиенасы – бұл денені және киімді таза ұстау. Гигиена ережелерін сақтау денсаулықтың мықты болуына көмектеседі. | Мұғалім оқушыларды «гигиена» жайында қосымша ақпаратпен таныстырады | | Презентация |
| 3 мин | 3. Сен дене күтіміне қатысты гигиеналық іс-әрекеттерді қалай орындайсың?<br>• күн сайын;<br>• күніне бірнеше рет;<br>• апта сайын;<br>• мезгіл-мезгіл.<br>Таңертең, күндіз және кешкісін қандай тазалық ережелерін орындайсың? Дене, шаш, тырнақ және тіске қандай күтім жасау керек? | Оқушылар дене күтіміне қатысты гигиеналық іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі, сұрақтарға жауап береді.<br>***Дескриптор:***<br>- Сұрақтарға жауап бере алады. |  | Оқулық |
| 4 мин. | 5. Сен суреттегі заттарды қалай пайдаланасың? Тағы қандай гигиеналық құралдарды білесің?<br><br><br>Достарыңа да беруге болмайтын гигиеналық құралдарды ата. Неліктен беруге болмайды деп ойлайсың? | Оқуышылар берілген заттарды қалай қолданатынын баяндайды.<br>***Дескриптор:***<br>- Сұрақтарға жауап бере алады. |  | Оқулық, суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 мин. | Тісің сау болмаса, денсаулығың да болмайды. Ауру тіс денсаулыққа кері әсерін тигізеді. Тісті үнемі тазалау қажет. Бұл – денсаулықтың кепілі.<br>6. Тісті қалай дұрыс күту қажет? Схема бойынша әңгімеле.<br> | Схема бойынша әңгіме құрастырады.<br>***Дескриптор:***<br>- Ойлау дағдыларын жетілдіре алады. |  | Оқулық, суреттер |
| 4 мин. | 7. Суреттерді пайдаланып, тісті күту жарнамасын оқы.<br> | Суреттерді пайдаланып, жарнаманы оқиды.<br>***Дескриптор:***<br>- Суреттермен жұмыс істей алады. |  | Оқулық |
| 2 мин | **Сергіту сәті**<br>Қолға сабын алып,<br>Мөлдір суға салып,<br>Жуу керек жиі<br>Ақ көбікке малып. | «Қолыңды жу» видеосындағы қимылдарды қайталайды | | Видео |
| 2 мин. | Сен білесің бе?<br>Адам сабын және жөкемен жуынғанда шамамен бір миллиард микроб жойылады екен. Мұны ғалымдар дәлелдеді.<br>Өзіңді және достарыңды вирустық аурулардан үнемі қорғауың керек. Қолыңды мұқият жууды ұмытпа. | Оқушылар қызықты мәліметпен танысады.<br>***Дескриптор:***<br>- Білім көкжиектерін кеңейте алады. | | Оқулық |
| 3 мин | "Сау тіс" және "Ауру тіс" тақырыптарына жапсырма жаса<br> | 1. Дайын болған азық-түліктердің пайдалы немесе зияндысын таңдап алып, екі тістің қиындысына жапсырады. |  | |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>3 мин. | Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | Оқушылар бүгінгі өткен сабақ бойынша сұрақтарға жауап береді | |  |